



5-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

## Мемлекет





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Мемлекет

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

## Мемлекеттің орнын басатын қандай да бір нақты балама бар ма?

Бұл біріншіден, егер, ерте ме кеш пе, адамдардың кез келген елеулі тобының арасында мемлекеттен бас тарту дұрыс болып саналатын болса, онда табиғи күйдегі өмір жан төзгісіз жағдайға айналады. Бұдан әрі аргумент келтірмей-ақ мемлекет идеясының негізділігін мойындатуға осы себептің өзі жеткілікті. Өйткені, мемлекеттің орнын басатын қандай да бір нақты балама бар ма?

Екіншіден, ДЖОН СТЮАРТ МИЛЛЬ (1806–1873 жж.) «өзгенің мінез-құлқына шектеу қоймайтын өмірдің ешбір құны болмайды» деген тұжырымымен келіссек;

Үшіншіден, «мәжбүрлі шектеулер» идеясын, мемлекеттің қолдаусыз орындау мүмкін емес деп есептесек, онда мемлекет идеясын негіздеу үшін айтылатын аргументтер пайдасыз болып қалады.

Көп жағдайда, Мемлекет іс-әрекетін негативті негіздеуден басқа нақты баламамыз жоқ, одан жақсы ештеңе ойлап таба алмаймыз. Әйтсе де, бұл философиялық пікірталас бітпейді.

## Мемлекеттің легитимділігі

Мемлекет идеясын жақтаушылар, мемлекетке бағыну біздің моральдық борышымыз екенін көрсету үшін, анағұрлым позитив нәрсе табатынына үміттенуі қажет. Мұндай аргумент мемлекеттің өз легитимділігін қашан жоғалтып алуы мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Осындай жағдай мысалы 2010 және 2012 жылдар аралығындағы «Араб көктемі» деп аталған оқиға кезінде болды. 2010 жылы желтоқсанның аяғында болған революциялық төңкерістің нәтижесінде Тунистегі Бен Али режимінің құлауына себеп болған, шамамен 350 миллион халықты құрайтын бүкіл аймақтағы араб елдеріндегі көтерілістердің өршуіне ықпалын тигізді. Бұл революциялық толқындар Египет, Йемен, Ливия, Сирияға жайылды. Ливияда полковнигі Муаммар Каддафидің режимі құласа, Сирияда азаматтық соғыс әлі де жалғасуда.

«Араб көктемі» күрделі саяси және әлеуметтік үдерістерге түрткі болды. Бұл кездегі наразылықтар көп араб мемлекетінің тұғырын шайқады және әлемдік саяси процестерді күрделендіріп, түбегейлі өзгертті.

Ал, мемлекетті позитивті түрде негіздеу ді қарастырайық. Бірақ ең алдымен, мемлекетке бағыну біздің моральдық борышымыз екенін айқындау неге мүмкін еместігін осы жерде тағы бір еске түсіруіміз керек.

Көріп отырғанымыздай, Локк адам баласы табиғатынан еркін, тәуелсіз және тең болып саналады деп есептеді. Бұл адам баласының табиғатынан кез келген басқа біреудің билігіне (authority) бағынбайтынын білдіреді. Сондықтан, легитимді билік қатынастарын (power relations) кейбір тұрғыда жасанды, адам туындысы немесе жобасы деуге болады. Осыған сәйкес, Локк басқа адамның билігіне бағынудың жалғыз жолы - бұл адамның (негізі бар жазаны қоспағанда) бағынуға өз келісімін беруі (consent) болды деген қорытындыға келді. Сіз өз еркіңізбен келісіміңізді бермегенше, билікке үміткер адамның сізге билік жүргізуге құқы жоқ.

## Жеке келісім мен қоғамдық келісім-шарт

Сол себептен, Локк үшін, мемлекет идеясын негіздеу мәселесі, мемлекет билігінің жеке тұлғаның табиғи автономиясымен қалай үйлесетінін көрсету болып саналады. Ол бұған жеке келісім мен қоғамдық келісім-шарт жобасына жүгіну арқылы жауап береді. Шын мәнінде, Локк және қоғамдық келісім-шарт теоретиктерінің ойынша, Әр жеке тұлға билікті мойындауға келісім бергенде ғана мемлекет идеясын негіздеуге болады.

Осылайша, Локк жеке автономия немесе табиғи еркіндік идеясы на үлкен мән беретін теоретиктер қатарына жатады. Осы теоретиктердің пікірінше, саяси институттар өздері билік жүргізіп отырған адамдардың еркі, таңдауы және шешімдері тұрғысынан негізделуі тиіс. Бұл біздің назарымызды аударуға тұратын көзқарас, себебі ол әр адамға жауапкершілік пен өз таңдауы арқылы өз тағдырын бақылауға мүмкіндік бере отырып, әр адамға құрмет көрсетеді. Алайда, мемлекет идеясын негіздеудің Локк ерекше мән беретін автономияның орнына басқа құндылықтарды қойып, қарастыратын өзге де маңызды тәсілдері бар.

Мысалы, ДЖЕРЕМИ БЕНТАМ (1748–1832), утилитарлық теориясында автономия емес, бақыт басты құндылық болып саналады. Утилитарлық теория, өзінің қарабайыр формасында қоғамдағы бақыттың жалпы көлемін ұлғайтуға ұмтылуымыз қажеттігін алға тартады. Сондықтан, басқа балама құрылымға қарағанда адамдарға анағұрлым көбірек бақыт алып келетін болғанда ғана мемлекет идеясын негіздеуге болады. Біздің мемлекетпен келісіп келіспеуіміздің еш маңызы жоқ. Қоғам мүшелерін мемлекет болмаған



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Мемлекет

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

жағдайға қарағанда, мемлекетте әлдеқайда көбірек бақытты болып болмауы маңыздырақ. Алдымызда, келісім теориясы мен утилитарлық теорияны, сондай-ақ мемлекетті моральдық тұрғыдан қорғайтын тәсілдерді қарастырамыз.

## Мемлекет

Мемлекет идеясын қалай негіздеу керек екенін шешпес бұрын, оның не екенін анықтап алғанымыз жөн. Тарихтан және бүгінгі саясат саласынан мемлекет түрлерінің көп екенін білеміз. Осы курсты тыңдап отырған адамдардың көпшілігі қазіргі либерал демократиялық елдерде өмір сүруі мүмкін. Басқалары әскери билікке, монархиялық отбасыға, партиялық мүшелікке немесе тағы басқа да басқару жүйелеріне негізделген мейірімді немесе тиран диктаторлық режимдерде өмір сүруі мүмкін.

Кей мемлекеттер еркін нарықтық жүйені қолдаса, кейбірі өндіріс пен бөліністің ұжымдық формаларына ұмтылады. Осы нақты жағдайларға мемлекеттің теориялық моделдерін, әсіресе, коммунистік және утопиялық жазбалардан алынғандарын қосатын болсақ, нақты және орын алуы ықтимал жағдайлар арасында ортақ ештеңе болмағандықтан, мемлекетке «анықтама» беру мүмкін еместей болып көрінеді.

Дегенмен, барлық мемлекеттерді біріктіретін ортақ нәрселердің бар екені де жиі айтылды. Ең әуелі, мемлекеттік тіл мен тарихи дәстүрлерге негізделген мәдени тұжырымда болып саналатын «ұлт» ұғымынан бөлек саяси құрылым ретінде қарастырылады. Бұл екеуі көбінесе «ұлт-мемлекет» деген ұғымды құрайды, бірақ кейде бірнеше ұлт өмір сүретін мемлекет деген мағынада да қолданылады. Бұл мемлекет құрамындағы жеке ұлт өкілдері тәуелсіздікке ұмтылған кезде айқын көрініп, саяси тұрғыдан маңызды мәселеге айналады. Мысалы, жақында Испаниядағы баск ұлтшылдары секілді Шотландияның Ұлттық Партиясы Біріккен Корольдіктен саяси тәуелсіздік талап етті. Сонымен, мемлекет дегеніміз – бір ғана ұлттан құралуы мүмкін немесе құрамына бірнеше ұлт өкілдері кіретін саяси құрылым.

Саяси билік мемлекеттер қолында болады, болмаған күннің өзінде мемлекеттің оған қол жеткізуге ұмтылатыны анық. Локк өз анықтамасында саяси биліктің заң шығаруға және заңға бағынбайтындарды жазалауға құқығы бар екенін көрсеткені белгілі. Әлеуметтанушы МАКСИ ВЕБЕР (1864–1920) осындай пікір айтқанымен, оның көзқарасы тосындығымен таңдандырады: мемлекет - өз территориясында заңды физикалық күш қолдану монополиясына ие. Кез-келген мемлекетте күш, зорлық-зомбылық немесе мәжбүрлеу ең алдымен мемлекеттің ісі ретінде қарастырылады, ол мұны тікелей өз агенттері (полиция мен сот) арқылы немесе жанама түрде, жекелеген жағдайларда азаматтардың бір-біріне қарсы күш қолдануына (мысалы, өзін-өзі қорғау мақсатында) рұқсат беру арқылы жүзеге асырады. Барлық заңды күш қолдануды немесе мәжбүрлеуді мемлекет жүзеге асырады немесе бақылап отырады.

Мұның екінші жағы да бар, яғни, мемлекет өз территориясында өмір сүретін барлық азаматтарды заңсыз күш қолданудан қорғауды өз мойнына алады. Міне, тек осы себепке байланысты күш қолдануға қатысты монополияның мемлекетке тиесілі болғанын қалаймыз. Мемлекет бізді қамқорлығына алғандықтан, біз өз-өзімізді қорғаудың қажеті жоқ деп есептейміз, осылайша қорғану құқығынан айрыламыз.

Осыған сәйкес мемлекеттің екі маңызды ерекшелігі бар екені белгілі: мемлекет заңды түрде мәжбүрлеу немесе күш қолдану монополиясын қорғайды және өзінің аумағында тұратын барлық адамдарды қорғауды ұсынады. Мұны мемлекет туралы «анықтама» дей аламыз ба? Бұл тұжырымға қарсы ортақ көзқарастар бар, солардың бірі - іс жүзінде бір де бір мемлекет идеалға сай бола алмайды. Бір де бір мемлекет күш қолдануда монополияға ие бола алмайды, әрі өз аумағындағы барлық азаматтарды қорғай алмайды. Бұл тұрғыда кез-келген үлкен қаладағы кісі өлтіру қылмыстарының санын есепке алып, қарапайым азаматтардың жеке қауіпсіздігі үшін жасайтын сақтық шараларын еске түсірсек жеткілікті. Осындай жағдайларда Белгілі бір мемлекет күш қолдануды өзіне тиесілі монополияға айналдыра алмайды және өз азаматтарын толық қорғай алмайды деуге де болады. Бірақ мұндай қоғамдарда мемлекет мүлдем жоқ деп айта алмаймыз. Дегенмен, біз мемлекеттің бұл екі «маңызды қасиетін» оның анықтамасы ретінде қабылдасақ, бұл пікір бізге күшпен таңылғандай болып көрінер еді.

Бұған жауап ретінде ұсынылатын анықтамада айтылғандай, мемлекет заңды түрде күш қолдану монополиясын сақтап қалады. Сол себептен, заңсыз күш қолдану орынсыз. Әрі мемлекет барлық азаматтарды қорғауды ұсынады. Бірақ көп жағдайда мұны істей алмайды. Бірақ бұл екі жауап та талас тудырады. Америка Құрама Штаттарында көп адам өзін-өзі қорғау құқығының бар екенін ашық айтады. Олар өз құқықтарының бар екенін мәлімдеп қана қоймай, бұған араласуға мемлекеттің құзыреті жоқ деп есептейді. Сол себептен де, олар қару алып жүруге құқылы, кейде тіпті, қажет болған жағдайда өздерін мемлекеттен қорғау үшін де қару қолдану қажеттігін айтады. Сондықтан, бұл адамдар мемлекеттің немесе



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Мемлекет

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Үкіметтің күш қолдануды монополияландыруға құқы жоқ дегенді нық сеніммен айтады. Ал, мемлекет барлық адамды қорғауды ұсынады деген аргументті жұрттың бәрі мойындай бермейді. Кейбір мемлекеттер, әсіресе, белгілі бір этникалық топқа жататын қолайсыз жағдайдағы азшылықтарды елемейді. Бұдан да сорақысы кейбір қиын кезеңдерде бұл азшылық топқа мемлекеттің өзі заңсыз түрде зорлық-зомбылық көрсетеді, оларды қудалап, тазарту жүргізіп, «этникалық жоюға» дейін барады. Бұл мемлекеттерде барлық мемлекеттерге тән бір қасиет болмайды, алайда, оларды мемлекет емес деп айтып, теріске шығару да ақылға қонымсыз.

Сондықтан мемлекеттің осы айқындаушы екі қасиеті талас тудырады. Осыған дейін аталмыш екі қасиетке ие мемлекеттің идеалды түрін ғана сипаттадық. Енді анықтама беру мәселесін шетке ысыра тұрып, басты мәселемізге көшейік: мемлекеттің идеалға сәйкес келуіне немесе келмеуіне қарамастан, оның қажеттігін қалай негіздей аламыз?

## Негіздеудің мақсаты

Осы жерде терминологияға біраз орын бергеніміз пайдалы болмақ. Жалпы, мемлекетті негіздеудің міндеті - әмбебап саяси міндеттеменің бар екенін көрсету екені туралы жиі айтылады. Біреудің саяси міндеттемелердің бар екенін айту дегеніміз - оның бейбіт күнде өзі тұратын мемлекеттің заңына бағынуы тиіс екенін, соның ішінде тиісті салықты да төлеуі керектігін айту деген сөз. Бұған қосымша тағы басқа, мысалы, қажет болған жағдайда, мемлекетті қорғау мақсатында күресу; отансүйгіш болу, тіпті, мемлекеттің жауларын тауып, әшекерлеу сияқты міндеттер жүктелуі мүмкін. Бірақ заңға бағыну міндетіне назар аударайық. Саяси міндет, біздің әр заңға, оның тәуелсіз моральдық негіздеу болғандығынан емес, заң болғаны үшін бағыну міндеттеме болып саналады. Адамдардың көпшілігі кісі өлтіруге тыйым салатын заңдарға еш ойланбастан бағынады. Бізден кісі өлтіруден нәліктен бас тартатынымызды сұраса, біз біреуді өлтіру идеясын ешқашан ойымызға келмейтін маңызды бір нұсқа екенін айтар едік. Ал мұның басқа да себептерін сұраса, бәлкім, кісі өлтіру дұрыс емес немесе бұл моральға қайшы дер едік. Егер бізге кісі өлтіру заңсыз болғандықтан ғана біреуді біреудің өлтірмейтінін айтса, әрине, бұл бізді алаңдатар еді. Олай болса, адамдарды кісі өлтіруден тыю үшін заңның қажеті шамалы. Сондықтар, бұл жерде моральдың талаптарымен сәйкес келетін заң бар.

Сонымен қатар, Моральға көп сүйене бермейтін заңдар да бар. Мысалы, жол жүру ережелерін алайық. Бос көше қиылысына келген кезде, бағдаршамның қызыл түсі жанып тұрса, моральдық тұрғыдан міндетті болғандықтан емес, заң тыйым салғандықтан қарсы бетке өтпейсіз. Әрине, кейде адамдар заң тұрғысынан талап етілетін нәрсені моральға қайшы келеді деп те ойлады. Мысалы, біздің төлейтін салықтарымыздың біраз бөлігі шет елдердегі әскери операцияларды қаржыландыруға жұмсалады, ал салық төлеушілердің көбі мұндай саясат моральдық тұрғыдан дұрыс емес деп есептейді. Тіпті, осындай жағдайда да «тәртіпті азамат» салық заңдарын орындауды өзінің міндеті деп есептейді. Осылайша, «тәртіпті азамат» бұл саясатты қолдамаса да, заң талап еткендіктен осы және басқа да жобаларға жұмсалатын салықты төлей береді. Мұндай азамат, кез-келген наразылық басқа жолдармен жүзеге асырылуы тиіс деп санауы мүмкін. Көп адам заңды тек шұғыл және қиын жағдайларда ғана бұзуға болады деп ойлайды.

Әдетте, «Мемлекет идеясын негіздеу» заңға бағынуға қатысты әмбебап міндеттердің бар екенін көрсетуді білдіреді. деп есептеледі. Бұл контекстегі «әмбебап» міндет үнемі барлық заңдарға бағыну дегенді білдірмейді. Тек шектен шыққан фанат қана заң не талап етсе, соны орындауға моральдық тұрғыдан үнемі міндеттіміз деп санауы мүмкін; мысалы, оның ойынша, мен өлім аузындағы адамды ауруханаға апара жатқанда да, бағдаршамның қызыл түсі жанғанда міндетті түрде тоқтауым қажет. Керісінше, саяси міндеттер әмбебап деген идея, олардың мемлекет аумағында тұратын азаматтардың барлығына бірдей қолданылады деген мағынада әмбебап болып саналады. Мемлекет кей адамдарды белгілі бір заңдардың құрығынан құтқаруы мүмкін (мұндай жағдайлар көбіне сыбайлас жемқорлықпен байланысты болып келеді), бірақ мемлекет идеясын негіздеудің мақсаты-бұл мемлекеттің территориясындағы әр адамның сол мемлекеттің заңдары мен жарлықтарын орындау міндетті екенін көрсету. Келесі лекциямыз мемлекет идеясын негіздеу мүмкін бе деген сұраққа жауап іздейік.